| | | |
|---|---|---|
| Вице-президент – Бас заң кеңесшісінің 2019 жылғы 4 мамырдағы №09-н/қ шешімімен бекітілген | Утверждены решением Вице-президента – Главного юридического советника от 04 мая 2019 года №09-н/қ | Approved by decision of the Vice President – General Counsel dated 04 May 2019 #09-н/қ |

| | | |
|---|---|---|
| **НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚЫТУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ** | **УСЛОВИЯ ОКАЗАНИЯ УСЛУГ ПО ОБУЧЕНИЮ В «НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТ»** | **TERMS FOR PROVISION OF EDUCATIONAL SERVICES AT NAZARBAYEV UNIVERSITY** |
| **1. Жалпы ережелер** | **1. Общие положения** | **1. General conditions** |
| 1.1. Осы Талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 388-бабының тәртібімен Назарбаев Университетінде оқыту қызметтерін көрсету шарттары үшін әзірленді және оларда осы Талаптарға сілтеме жасалған Назарбаев Университетінде оқыту қызметтерін көрсету шарттарының жекелеген талаптарын айқындайды. | 1.1. Настоящие Условия (далее - Условия) разработаны автономной организацией образования «Назарбаев Университет» для договоров оказания услуг обучения в «Назарбаев Университет» в порядке статьи 388 Гражданского кодекса Республики Казахстан, и определяют отдельные условия договоров оказания услуг обучения в «Назарбаев Университет», в которых имеется отсылка к настоящим Условиям. | 1.1. These terms (hereinafter – the Terms) are made by autonomous organization of education Nazarbayev University in accordance with article 388 of the Civil Code of Republic of Kazakhstan for agreements on provision of educational services at Nazarbayev University and define general terms of the agreements which include references to these Terms. |
| 1.2. Назарбаев Университетінде оқыту қызметтерін көрсету шартының (бұдан әрі – Шарт) негізінде Университет Мектептері базасында Университет Оқыту бағдарламасы бойынша Білім алушыны оқытуды ұйымдастырады.<br>Назарбаев Университетінде оқыту қызметтерін көрсетудің осы Талаптарда көрсетілмеген нақты талаптары Шартпен айқындалады. | 1.2. На основании договора оказания услуг обучения в «Назарбаев Университет» (далее – Договор) Университет организует обучение Обучающегося по Программе обучения на базе Школы Университета.<br>Конкретные условия к оказанию услуг обучения в «Назарбаев Университет», которые не указаны в настоящих Условиях, определяются Договором. | 1.2. On the basis of agreement on provisions of educational services at Nazarbayev University (hereinafter – the Agreement) University arranges education of the Student under the Program on the basis of the School of the University.<br>Specific terms of providing educational services, which are not specified in the Terms, shall be determined by the Agreement. |
| 1.3. Осы Талаптарда көзделген жағдайларда Университет және Білім алушы | 1.3. В случаях, предусмотренных настоящими Условиями, Университет и | 1.3. In cases envisaged by the Terms, the University and the Student shall be collectively |

| | | |
|---|---|---|
| бірлесіп Тараптар деп, ал жеке-жеке – Тарап деп аталады.<br>1.4. Осы Талаптардың мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>**Университет –** Шарттың тарапы болып табалатын «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы.<br><br>**Мектеп** – Білім алушыны оқыту бағдарламасын іске асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшесі.<br>**Білім алушы –** Шарттың тарапы болып табылатын Университеттің Оқыту бағдарламасына оқуға түскен жеке тұлға.<br><br>**Оқыту бағдарламасы** – Білім алушының таңдаған оқу саласында теориялық және практикалық білім мен дағдыларды алуына бағытталған білім беру бағдарламасы.<br><br><br>**2. Шарттың мәні**<br>2.1. Университет Білім алушыны Оқыту бағдарламасы бойынша Университет Мектебі базасында оқытуды ұйымдастырады. Білім алушы академиялық күнтізбеге сәйкес Оқыту бағдарламасы бойынша оқудың толық курсын табысты аяқтаған және оқуды табысты аяқтау бойынша академиялық талаптарды толық көлемде орындаған жағдайда, Университет тиісті дәреже (егер Оқыту бағдарламасында көзделген жағдайда) мен диплом береді.<br>Университет Оқыту бағдарламасының мазмұнын және оны беру талаптарын, | Обучающийся совместно именуются Стороны, а по отдельности – Сторона.<br>1.4. Для целей настоящих Условий используются следующие термины и определения:<br>**Университет** – автономная организация образования «Назарбаев Университет», выступающая Стороной Договора.<br>**Школа** – структурное подразделение Университета, которое реализует Программу обучения Обучающегося.<br>**Обучающийся** – физическое лицо, поступившее на Программу обучения Университета, являющееся Стороной Договора.<br>**Программа обучения** – образовательная программа обучения, направленная на получение Обучающимся теоретических и практических знаний и навыков в выбранной сфере обучения.<br><br><br>**2. Предмет Договора**<br>2.1. Университет организует обучение Обучающегося по Программе обучения на базе Школы Университета. При условии успешного окончания Обучающимся полного курса обучения по Программе обучения согласно академическому календарю и выполнения в полном объеме академических требований по успешному окончанию обучения, Университет выдает диплом с присуждением соответствующей степени (в случае, если предусмотрено Программой обучения). | referred to as “Parties” and individually as “Party”.<br>1.4. For the purposes of the Terms, the following terms and definitions shall be used:<br><br>**University** – the autonomous organization of education Nazarbayev University acting as a Party of the Agreement;<br><br>**School** – structural division of the University providing educational services to Student under the Program;<br>**Student** – a person who has been enrolled to the Program, acting as a Party of the Agreement;<br><br>**Program** – educational program aimed to obtaining by the Student of theoretical and practical knowledge and skills in the chosen field of study.<br><br><br>**2. Subject of the Agreement**<br>2.1. The University shall arrange education of the Student under the Program at the School of the University. On condition of successful completion by the Student of the complete course of the Program, in accordance with the academic calendar, and the full implementation of the academic requirements for the successful completion of education, the University shall give a diploma of Nazarbayev University with appropriate degree (if provided by the Program) .<br>The content of the Program and its |

| | | |
|---|---|---|
| академиялық күнтізбені және академиялық талаптарды Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес дербес айқындайды. | Содержание Программы обучения и условия ее предоставления, академический календарь и академические требования определяются Университетом самостоятельно в соответствии с внутренними документами Университета. | provision, as well as academic calendar and academic requirements shall be determined by the University itself in accordance with internal documents of the University. |
| 2.2. Білім алушы Оқыту бағдарламасының академиялық талаптарына және осы Талаптарға сәйкес Оқыту бағдарламасы бойынша оқу курсын тиісті деңгейде және толық көлемде орындауға міндеттенеді. | 2.2. Обучающийся обязуется выполнить на должном уровне и в полном объеме курс обучения по Программе обучения в соответствии с академическими требованиями Программы обучения и настоящими Условиями. | 2.2. Student shall perform in appropriate level and to the fullest extent curriculum of the Program in accordance with academic requirements of the Program and these Terms. |
| **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері (Шарттың басқа ережелерінен туындайтындармен қатар)** | **3. Права и обязанности Сторон (наряду с вытекающими из других положений Договора)** | **3. Rights and Obligations of the Parties (along with the ones arising from other provisions of the Agreement)** |
| 3.1. Университет: | 3.1. Университет имеет право: | 3.1. The University has right to: |
| 1) Білім алушыдан Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес оқу және өзге де тәртіпті адал және тиісінше орындауды талап етуге; | 1) требовать от Обучающегося добросовестного и надлежащего соблюдения учебной и иной дисциплины в соответствии с внутренними документами Университета; | 1) demand from the Student honest and proper observance of academic and other disciplines in accordance with internal documents of the University; |
| 2) Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес оқу және өзге де тәртіпті бұзғаны үшін Білім алушыға тәртіптік жаза шараларын қолдануға; | 2) применять меры дисциплинарного воздействия к Обучающемуся за нарушение учебной и иной дисциплины в соответствии с внутренними документами Университета; | 2) apply disciplinary measures towards the Student for violation of academic and other disciplines in accordance with internal documents of the University; |
| 3) Талаптардың 5-бөлімінде көрсетілген негіздер бойынша Білім алушыны Университеттен шығаруға; | 3) отчислять Обучающегося из Университета по основаниям, указанным в разделе 5 Условий; | 3) dismiss the Student from the University on the grounds stated in Section 5 of the Terms; |
| 4) Оқыту бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде өзінің қарауы бойынша оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және академиялық қызметке және білім алушының мінез-құлқы мен тәртібіне қойылатын академиялық талаптарға қатысты өзгерістер енгізуге; | 4) вносить по своему усмотрению в период обучения по Программе обучения изменения в учебный план, академический календарь и иные документы, касающиеся академической деятельности и академических требований к поведению обучающихся и дисциплины; | 4) introduce amendments to the curriculum, academic calendar, and other documents related to academic activity and academic requirements related to student conduct and discipline at its own discretion during studies on the Program; |

| | | |
|---|---|---|
| 5) Талаптарға, Шартқа, Жарғыға, Университеттің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы. | 5) осуществлять иные права в соответствии с Условиями, Договором, Уставом, внутренними документами Университета и законодательством Республики Казахстан. | 5) exercise other rights in accordance with the Terms, the Agreement, Charter and internal documents of the University and legislation of the Republic of Kazakhstan. |
| 3.2. Университет: | 3.2. Университет обязуется: | 3.2. University shall: |
| 1) Оқыту бағдарламасы бойынша оқу жоспарына сәйкес Білім алушыны оқытуды жүзеге асыруға, оның ішінде оның оқу жүктемесінің көлемін және сабақ режимін белгілеуге; | 1) осуществлять обучение Обучающегося в соответствии с учебным планом по Программе обучения, в том числе определить его объем учебной нагрузки и режим занятий; | 1) carry out education of the Student in accordance with curriculum of the Program, including determination of Student’s academic load and mode of instruction; |
| 2) Білім алушының Оқыту бағдарламасында айқындалған тиісті білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасауға; | 2) создать необходимые условия для приобретения Обучающимся необходимых знаний, определенных Программой обучения; | 2) create the necessary conditions for obtaining by the Student of the knowledge as defined by the Program; |
| 3) Білім алушыға Оқыту бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде ақпараттық және басқа да ресурстарға рұқсатты қамтамасыз етуге; | 3) обеспечивать Обучающегося на период обучения по Программе обучения доступом к информационным и другим ресурсам; | 3) provide access to informational and other sources to the Student for the duration of the studies within the Program; |
| 4) сабақтар кезеңінде санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін оқу және өзге де үй-жайларды беруге; | 4) предоставлять на период занятий учебные и иные помещения, соответствующие санитарно-гигиеническим нормам и требованиям безопасности; | 4) provide for the period of study academic and other premises that comply with sanitary standards and safety requirements; |
| 5) оқытудың толық курсы табысты аяқталғаннан кейін және қорытынды емтихандардың тиісті нәтижелері бойынша Білім алушыға Оқыту бағдарламасын аяқтағаны туралы тиісті құжат беруге (қолданылатын болса) міндеттенеді; | 5) после успешного окончания полного курса обучения и по надлежащим результатам итоговых экзаменов выдать Обучающемуся соответствующий документ об окончании Программы обучения (если применимо); | 5) upon successful completion of full course of education and according to appropriate results of final examinations issue to the Student a corresponding document on completion of the Program (if applicable); |
| 3.3. Білім алушы: | 3.3. Обучающийся имеет право: | 3.3. The Student has right to: |
| 1) Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпарат алуға; | 1) получать информацию по вопросам организации и обеспечения учебного процесса в соответствии с внутренними документами Университета; | 1) receive information on issues of arranging and providing academic process in accordance with internal documents of the University; |
| 2) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес оқыту кезінде | 2) пользоваться во время обучения имуществом Университета, необходимым для | 2) during the period of study use property of the University required for implementation of |

| | | |
|---|---|---|
| білім беру процесін жүзеге асыру үшін қажетті Университеттің мүлкін пайдалануға; | осуществления образовательного процесса в соответствии с порядком, установленным внутренними документами Университета; | educational process in accordance with the procedure established in internal documents of the University; |
| 3) Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Оқыту бағдарламасына нұқсан келтірмей, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға, Университетте, Қазақстан Республикасының және шет елдердің ұйымдарында өткізілетін конференцияларға, симпозиумдарға және кездесулерге қатысуға; | 3) заниматься научно-исследовательской работой, участвовать в конференциях, симпозиумах и встречах, проводимых в Университете, организациях Республики Казахстан и зарубежных стран в соответствии с внутренними документами Университета, не в ущерб Программе обучения; | 3) engage in research work, participate in conferences, symposia and meetings held at the University, organizations of the Republic of Kazakhstan and foreign countries in accordance with internal documents of the University, if it is not detrimental for the Program; |
| 4) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы. | 4) пользоваться иными правами, установленными внутренними документами Университета. | 4) use other rights set forth in internal documents of the University. |
| 3.4. Білім алушы: | 3.4. Обучающийся обязуется: | 3.4. The Student shall: |
| 1) лекцияларға, семинарларға, оқу және практикалық сабақтарға қатысуға, сондай-ақ Оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес оқыту процесінде өткен әр пән бойынша ағымдағы және қорытынды академиялық үлгерімді қамтамасыз етуге; | 1) посещать лекции, семинары, учебные и практические занятия, а также обеспечить соответствующую требованиям Программы обучения текущую и итоговую академическую успеваемость в процессе обучения по каждой пройденной дисциплине; | 1) attend lectures, seminars, academic and practical classes, maintain current and final academic performance that complies with requirements of the Program during the educational process on each completed discipline; |
| 2) сабақтарға қатыспаған кезде (бірінші қатыспаған күні) Университетке сабақта болмау себептері туралы дереу хабарлауға және Университет үшін жарамды растайтын құжаттарды қоса беруге; | 2) при пропуске занятий незамедлительно извещать Университет (в первый день пропуска) о причинах отсутствия на занятиях с приложением подтверждающих документов, приемлемых для Университета; | 2) in the event of missing a class, immediately notify the University (on the first day of absence) with explanation of reason for absence and attach certifying documents acceptable to the University; |
| 3) Оқыту бағдарламасының академиялық талаптарына сәйкес тапсырмалардың барлық түрлерін Оқыту бағдарламасында белгіленген мерзімдерде орындауға, аралық және қорытынды емтихандарды және/немесе бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға, академиялық берешекке жол бермеуге, ал ол туындаған ерекше жағдайларда емтиханды/бақылаудың | 3) выполнять в сроки, установленные Программой обучения, все виды заданий в соответствии с академическими требованиями Программы обучения, своевременно сдавать промежуточные и итоговые экзамены и/или иные виды контроля, не допускать академической задолженности, а в исключительных случаях ее возникновения пересдать экзамен/иной вид контроля; | 3) perform within the deadlines established by the Program all types of tasks in accordance with curriculum of the Program, timely take tests, examinations and/or other types of control, be in good academic standing, and in exceptional cases of its failure retake test/examination/other type of control; |

| | | |
|---|---|---|
| өзге де түрін қайта тапсыруға;<br>4) оқытушы-профессолар, оқу-көмекші, Университеттің өзге де персоналына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпауға;<br>5) Университеттің мүлкіне, оның ішінде кітапхана қорына ұқыпты қарауға;<br><br>6) осы Талаптарда, Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген (оларға уақыт өте келе өзгерістер енгізілуі мүмкін немесе жаңа редакциясы бекітілуі мүмкін) ережелерді, сондай-ақ Шарттың талаптарын сақтауға және орындауға;<br><br>7) ауызша немесе жазбаша сұрату алынған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Университетке Білім алушының оқуын ұйымдастыру үшін қажетті құжаттарды, оның ішінде денсаулық жағдайы, тұратын жері, азаматтығы туралы мәліметтерді, байланыс деректерін, отбасы мүшелері туралы ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Университетке ұсынылған құжаттар мен мәліметтерге өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға;<br><br>8) әскери есепке алу, тіркеу және уәкілетті органдарды хабардар ету қағидаларын сақтауға (бұл ереже Білім алып жүрген ер азаматтарға қатысты қолданылады) міндеттенеді;<br>9) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға. | 4) проявлять уважение к профессорско-преподавательскому, учебно-вспомогательному, иному персоналу Университета и к другим обучающимся, не посягать на их честь и достоинство;<br>5) бережно относиться к имуществу Университета, в том числе к библиотечному фонду;<br>6) соблюдать и исполнять положения, установленные настоящими Условиями, внутренними документами Университета (в которые время от времени могут вноситься изменения либо которые могут быть утверждены в новой редакции), а также условия Договора;<br>7) в течение 5 (пяти) календарных дней с момента получения устного или письменного запроса предоставлять Университету необходимые документы для организации обучения Обучающегося, в том числе сведения о состоянии здоровья, месте проживания, гражданстве, контактных данных, информацию о членах семьи, а также своевременно извещать Университет об изменениях предоставленных документов и сведений;<br>8) соблюдать правила воинского учета, регистрации и уведомления уполномоченных органов (данное положение применимо в отношении Обучающихся мужского пола);<br>9) соблюдать законодательство Республики Казахстан. | 4) respect the faculty, school administrative and other staff of the University and other students, not encroach on their honor and dignity;<br><br>5) handle with care the property of the University, including library fund;<br><br>6) observe and perform provisions established by the Terms, internal documents of the University (which from time to time may be amended, or may be approved in the new edition) as well as provisions of the Agreement;<br><br>7) within 5 (five) calendar days from the receipt of an oral or written request to provide the University with the necessary documents for the organization of the study, including information about the state of health, place of residence, citizenship, contact information, information about family members, and to inform the University about changes in a timely manner submitted documents and information;<br><br>8) comply with the rules of military registration, registration and notification of authorized bodies (this provision is applicable to male students);<br>9) comply with legislation of the Republic of Kazakhstan. |

| | | |
|---|---|---|
| **4. Оқыту шығыстары**<br>4.1. Білім алушының Оқыту бағдарламасы бойынша шығыстары, сондай-ақ төлем тәртібі (қолдануға болса) Шартта айқындалады. | **4. Расходы по обучению**<br>4.1. Расходы по обучению Обучающегося по Программе обучения, а также порядок оплаты (если применимо) определяются Договором. | **4. Tuition fees expenses**<br>4.1. Expenses on education of the Students on the Program and payment procedure (if applicable) will be covered in accordance with the Agreement. |
| **5. Білім алушыны Университеттен шығару үшін негіздер (Шарттың басқа ережелерінен туындайтындармен қатар)**<br>5.1. Университетте белгіленген тәртіпке сәйкес Университеттің шешімімен Білім алушы келесі негіздер бойынша Университеттен мәжбүрлеп шығарылуы мүмкін: | **5. Основания для отчисления Обучающегося из Университета (наряду с вытекающими из других положений Договора)**<br>5.1. В соответствии с порядком, установленным Университетом, решением Университета Обучающийся может быть принудительно отчислен из Университета по следующим основаниям: | **5. Grounds for Dismissal or Voluntary Withdrawal of the Student from the University (along with those arising from other provisions of the Agreement)**<br>5.1. In accordance with the procedure established by the University and by decision of the University, the Student may be dismissed from University on the following grounds: |
| 1) Білім алушы оқуға қабылдау кезінде Университетке көрінеу жалған құжаттар немесе мәліметтер берген болса; | 1) предоставление Обучающимся Университету заведомо ложных документов или сведений при зачислении; | 1) provision of misleading documents or data by the Student during admission process; |
| 2) Университетте белгіленген ішкі құжаттарға сәйкес Бағдарламада талап ететін пәндердің/сағаттардын белгілі санына дәлелді себепсіз қатыспаған болса; | 2) непосещение без уважительных причин определенного количества предметов/часов, требуемого Программой, согласно внутренним документам, установленным Университетом; | 2) failure to attend the determined number of classes/hours as required by the Program according to the internal documents established by the University without a reasonable excuse; |
| 3) Университет белгілеген Бағдарлама бойынша қанағаттанарлықсыз үлгерім; | 3) неудовлетворительная успеваемость по Программе, установленной Университетом; | 3) unsatisfactory academic performance under the Program according to the internal documents established by the University; |
| 4) Университеттің Студенттердің мінез-құлық кодексі мен тәртіптік рәсімдерінің (Student Code of Conduct and Disciplinary Procedures), сондай-ақ Университеттің басқа да ішкі құжаттарының ережелерін аталған құжатта көзделген жағдайларда бұзу; | 4) нарушение положений Кодекса поведения студентов и дисциплинарных процедур (Student Code of Conduct and Disciplinary Procedures) Университета в случаях, предусмотренных указанным документом, а также иных внутренних документов Университета; | 4) violation of the Student Code of Conduct and Disciplinary Procedures of the University, in the cases provided by the specified documents, as well as by other internal documents of the University; |
| 5) ішкі тәртіп қағидаларын және/немесе Университеттің басқа ішкі құжаттарының, | 5) нарушение правил внутреннего распорядка и/или других внутренних | 5) infringements of bylaws and/or other internal documents of the University, including |

| | | |
|---|---|---|
| оның ішінде Университетте қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін реттейтін қағидаларды бұзу;<br>6) Университетте қауіпсіздік техникасы (оның ішінде өрт қауіпсіздігі) ережелерін бұзу;<br>7) Университет мүлкіне (оның ішінде сенімгерлік басқарудағы, Университеттің немесе оның ұйымдарының уақытша пайдалануындағы мүлікке) қасақана зиян келтіру;<br>8) Білім алушыға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;<br>9) академиялық демалыстан шықпауына байланысты;<br>10) шартты түрде оқуға алынған Білім алушының Бағдарлама бойынша одан әрі оқу талаптарын орындамаған жағдайда (қолдануға болса);<br>11) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және/немесе Университеттің ішкі құжаттарында көзделген өзге де негіздер бойынша.<br>5.2. Білім алушының өтініші бойынша Университеттің шешімімен Білім алушы Университеттен өз еркімен шығарылуы мүмкін.<br><br>**6. Шартты бұзу және міндеттемелерді тоқтату (Шарттың басқа да ережелерінен туындайтындармен қатар)**<br>6.1. Шартты орындаудан біржақты бас | документов Университета, в том числе регламентирующих порядок приема и организации учебно-воспитательного процесса в Университете;<br>6) нарушение правил техники безопасности (в том числе пожарной безопасности) в Университете;<br>7) умышленное нанесение ущерба имуществу Университета (в том числе находящемуся в доверительном управлении, временном пользовании Университета или его организаций);<br>8) вступление в законную силу обвинительного приговора суда в отношении Обучающегося;<br>9) в связи с невыходом из академического отпуска;<br>10) в случае невыполнения условно зачисленным Обучающимся условий дальнейшего обучения по Программе (если применимо);<br>11) по иным основаниям, предусмотренными законодательством Республики Казахстан и /или внутренними документами Университета.<br>5.2. По заявлению Обучающегося, решением Университета Обучающийся может быть добровольно отчислен из Университета.<br><br>**6. Расторжение Договора и прекращение обязательств (наряду с вытекающими из других положений Договора)**<br>6.1. Договор может быть расторгнут | those which regulate procedures for admission and arrangement of educational process in University;<br>6) infringements of health and safety rules (including fire safety rules) in University;<br>7) causing deliberate damage to the property of the University (including those under trust management or property temporarily used by the University or its subsidiaries);<br>8) coming into legal force of condemnatory judgment of court against the Student;<br>9) non-return from leave of absence;<br>10) in case of failure to meet conditions of continuing the Program for conditionally admitted Student (if applicable);<br>11) on other grounds as provided in the legislation of the Republic of Kazakhstan and (or) internal documents of the University.<br>5.2. Upon the Student’s request, the Student can withdraw from the University by the decision of the University (voluntary withdrawal).<br><br>**6. Early Termination of the Agreement and termination of obligations (along with other provisions of the Agreement)**<br>6.1. The Agreement may be early |

| | | |
|---|---|---|
| тарту жолымен келесі жағдайларда Университет Шартты мерзімінен бұрын бұзуы мүмкін:<br>1) Білім алушыны Университеттен шығару, оның ішінде ерікті түрде оқудан шығару кезінде;<br>2) Білім алушы осы Талаптарды немесе Шарттың талаптарын бұзған жағдайда;<br>3) форс-мажордың басталуы және (немесе) Университетке байланысты емес өзге де жағдайлардың (оның ішінде үшінші тараптың іс-әрекеті) салдарынан Талаптар мен Шартта көзделген міндеттемелерді Университеттің орындауы мүмкін болмаған жағдайда. | Университетом путем одностороннего отказа от исполнения Договора в следующих случаях:<br>1) при отчислении Обучающегося из Университета, в том числе добровольного;<br>2) в случае нарушения Обучающимся настоящих Условий или условий Договора;<br>3) в случае невозможности исполнения Университетом обязательств, предусмотренных Условиями и Договором, вследствие наступления форс-мажора и (или) иных обстоятельств (в том числе, действия третьей стороны), не зависящих от Университета. | terminated by the University through unilateral refusal to perform the Agreement in the following cases:<br>1) dismissal or voluntary withdrawal of the Student from University;<br>2) in the event of breach of Terms or terms of the Agreement by the Student;<br>3) in case the University fails to fulfill obligations set out in the Terms and the Agreement, as a result of force majeure and (or) other circumstances (including actions of a third party), which are out of the University's control. |
| 6.2. Шарт Талаптардың 6.1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша бұзылған жағдайда, Университеттің Шартты орындаудан біржақты бас тартуы Білім алушыны Университеттен шығару туралы тиісті шешім шығару жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте Талаптардың 12.2-тармағының ережелерін ескере отырып, Білім алушы тиісті хабарламаны алған күннен бастап Шарт бұзылған болып саналады. | 6.2. В случае расторжения Договора по основанию, указанному в подпункте 1) пункта 6.1. Условий, односторонний отказ Университета от исполнения Договора осуществляется путем издания соответствующего решения об отчислении Обучающегося из Университета. При этом Договор считается расторгнутым со дня получения Обучающимся соответствующего уведомления, с учетом положений пункта 12.2. Условий. | 6.2. In the event of termination of the Agreement on the grounds referred to in sub-clause 1) of clause 6.1. of the Terms, the University's unilateral refusal to perform the Agreement shall be carried out by issuing relevant decision on dismissal or withdrawal of the Student from University. In such event the Agreement shall be deemed to be terminated from the date of receipt by the Student of the relevant notice, subject to provisions of clause 12.2. of the Terms. |
| 6.3. Шарт Талаптардың 6.1-тармағының 2) - 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша бұзылған жағдайда Университеттің Шартты орындаудан біржақты бас тартуы тиісті хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте Талаптардың 12.2-тармағының ережелерін ескере отырып, Білім алушы осындай хабарламаны алған күннен бастап Шарт бұзылған болып саналады. | 6.3. В случае расторжения Договора по основаниям, указанным в подпунктах 2) - 3) пункта 6.1. Условий, односторонний отказ Университета от исполнения Договора осуществляется путем направления соответствующего уведомления. При этом Договор считается расторгнутым со дня получения Обучающимся такого уведомления, с учетом положений пункта 12.2. Условий. | 6.3. In the event of termination of the Agreement on the grounds referred to in sub-clauses 2)-3) of clause 6.1. of the Terms, the University's unilateral refusal to perform the Agreement shall be carried out by sending appropriate notice. In such event the Agreement is deemed to be terminated from the day of receipt by the Student of such notice, subject to provisions of clause 12.2. of the Terms. |

| | | |
|---|---|---|
| 6.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. | 6.4. В соответствии с законодательством Республики Казахстан, Договор может быть расторгнут по соглашению Сторон. | 6.4. In accordance with legislation of Republic of Kazakhstan the Agreement can be terminated by mutual agreement of the Parties. |
| 6.5. Шарт Талаптардың осы бөліміне сәйкес бұзылған кезде, олардың күші толық орындалғанға дейін жалғасатын Талаптардың 12.2-тармағында көзделген міндеттемелерді қоспағанда, Тараптардың Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелері тоқтатылады. | 6.5. При расторжении Договора согласно настоящему разделу Условий, права и обязательства Сторон по Договору прекращаются, за исключением обязательств, предусмотренных в пункте 12.2. Условий, действие которых продолжается до полного их исполнения. | 6.5. In the event of early termination of the Agreement pursuant to this section the rights and obligations of the Parties under Agreement shall be terminated, except for obligations indicated in the clause 12.2. of the Terms, which continue until fully performed. |
| **7. Тараптардың жауапкершілігі (Шарттың басқа да ережелерінен туындайтындармен қатар)** | **7. Ответственность сторон (наряду с вытекающими из других положений Договора)** | **7. Liabilities of the Parties (along with those arising from other provisions of the Agreement)** |
